



XFTAP 10.15.91

Г.Г. Галиакбарова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: galiakbarova_gg@enu.kz)

Шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау: шетелдік тәжірибе негізінде ұлттық заңнаманы жетілдіру

Аннотация. Мақалада шетелдегі отандастарды, ең алдымен қазақ диаспорасын, мемлекеттік қолдау мәселелері әр түрлі аспектілерде қаралды: бір жағынан, мемлекеттік саясат пен ұлттық заңнаманың қазіргі жағдайы, екінші жағынан – қазіргі халықаралық тәжірибе ерекшеліктері. Жұмыста проблеманың құқықтық жағы басым қозғалды, себебі шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша шетелдік тәжірибені зерделеуде әлеуметтік-экономикалық, саяси, моральдық-адамгершілік және басқа да аспектілердің бар екенін көрсетті. Сонымен қатар, зерттеу барысында шетелдегі отандастарды қолдау мәселелері диаспора, көші-қон процесі сияқты құрамдастармен тығыз байланыста екеніне көз жеткізілді. Зерттеу жұмысының нәтижесі шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдауға, бірінші кезекте этникалық қазақтарды тарихи Отаны – Қазақстан Республикасының айналасына шоғырландыруға бағытталған қазіргі Қазақстан тарихындағы алғашқы заң жобасын әзірлеу болып табылады.
Түйін сөздер: шетелдегі отандас, шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау, диаспора, көші-қон процесі, шетелдік тәжірибе, заң жобасы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2021-135-2-16-25>

Кіріспе

Тәуелсіз мемлекет құру және халықтың ұлттық сана-сезімінің өсуі жағдайында шет елдердегі этникалық бірегей қоғамдастықтарды қолдау мәселелері ерекше саяси, экономикалық, құқықтық, мәдени, демографиялық мәнге ие болады.

Көші-қон процесі де – ХХІ ғасырда «әлемдік маңызы бар проблемаға» айналған динамикалық өзгерістермен ерекшеленетін, тұрақты процесс болып табылады. Сондықтан да,

көші-қон процесі құбылыстарының бірі – диаспора болып табылады [1].

Шетелдік қазақтарды мемлекеттік қолдау саясаты соңғы уақытта олар мекендеген елдерде қазақ тілін қолдану салаларының тарылуына және ұлттық өзіндік ерекшелігінің біртіндеп жоғалу қаупіне және шетелде тұратын қазақтарды ассимиляциялауға байланысты айтарлықтай өзекті болып келеді.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Н.Ә.

Назарбаев: «Қазақстан 2050» жаңа стратегиялық бағытын жүзеге асыруда бізге – қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктелді...» [2], - деп атап өткен болатын. Осылайша, біздің еліміздің де шетелдегі қазақ ұлты өкілдерін, өзінің тарихи Отаны – Қазақстан Республикасының айналасында біріктіруге деген бейімділігі бекітіледі.

Осыған орай, Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 23 маусымда өткен V Дүниежүзілік қазақтар құрылтайында Қазақстан Республикасының Үкіметіне берген тапсырмасы осы саладағы құқықтық құжаттарды әзірлеу үшін негіз болды. Мәселен, тапсырманы іске асыру мақсатында «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 644 Қаулысы [3] қабылданды, оның басты мақсаты шетелдік және Қазақстанға келген этникалық қазақтарды қолдауды қамтамасыз ету болып табылады; сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 280 «Шетелдегі этникалық қазақтарды қолдау жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» қаулысы да қабылданған болатын [4].

Аталған құжаттар бұл саладағы құқықтық реттеудің бастамасы ма және қандай шетелдік заңнама біздің мемлекетіміз үшін маңызды екенін біз рет ретімен зерттеп көрген едік.

Зерттеу әдістері

Ғылыми мақаланы жазу кезінде жалпы ғылыми әдістер (логикалық, құрылымдық және жүйелік талдау, синтез, салыстыру, абстракциялау, индукция және дедукция, модельдеу), сондай-ақ құбылыстар мен процестерді зерттеудің арнайы әдістері мен тәсілдері (диалектикалық, формальды-логикалық, құрылымдық функционалдық, салыстырмалы құқықтану әдістері) қолданылды.

Талқылау

Бүгінгі таңда диаспоралық саясатқа көптеген елдер ерекше назар аударуда десек де болады. Әлемнің көптеген дамыған елдері

шетелдегі диаспорасына мемлекеттік қолдау көрсетуде (мысалы, Германия, Израиль, Италия, Қытай, Мексика, Оңтүстік Корея, Польша, Үндістан, және т.б.) және Қазақстан да осы мәселені реттеуді қолға алуда. Осылайша, біздің еліміздің шетелдегі отандастарын, ең алдымен, өзінің тарихи Отанына оралғысы келетін қазақ ұлты өкілдерін біріктіруге деген бейімділігі нығайып келеді.

Диаспоралар, мүмкін, халықтың көші-қонының сәтті нәтижесінің маңызды дәлелі болып табылады. Көшіп-қонушылар қабылдаушы елдің қоғамына қауіпсіз араласып үлгерген кезде, сол арқылы қоныс аударушылардың бастапқы мақсатына қол жеткізіледі [1].

Қазіргі кезеңде «диаспора» феномені жаңа мазмұнға ие болады, бұл диаспора ретінде белгіленген құбылыстар аймағының кеңеюіне, сондай-ақ осы түсінікті қолдану жиілігінің артуына байланысты. Бұл ретте шетелдегі диаспораның мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимыл мәселелері жеткілікті зерттелмеген, толық көлемде заңнамалық тұрғыдан реттелмеген. Оған қоса, диаспоралық қатынастардың мазмұны мен құқықтық реттелуімен тығыз байланысты «шетелдік отандастар» термині де өзекті болып табылады.

Этникалық қазақтардың көші-қон мәселелері, сондай-ақ этникалық қазақтардың басқа мемлекеттердің аумағына неліктен және қалай келгенін түсіндіретін себептер нақты тарихи фактілермен және жағдайлармен байланысты екенін ерекше атап өткен жөн. Мәселен, Г.М. Меңдіқұлова қазақ диаспорасының әртекті және әртүрлі, ұзақ уақыт бойы қалыптасқан және әр тарихи кезеңде қалыптасуы мен дамуының түрлі себептері бар екенін атап өтеді [5].

Көптеген ғылыми еңбектер «диаспора» мен «шетелдік отандастар» терминдерін, оларды өзектендіру себептерін зерттеуге арналған. Мысалы,

В.М. Скринник алыс шет елдердегі және ТМД елдеріндегі отандастарға қатысты терминдерді қолдану қағидағарын анықтау мәселелерін зерттей отырып, «диаспора» мен «шетелдегі отандастар» ұғымдарының «белгіленген терминологиялық анықтамасы» жоқ

және оларды «тең пайдалануға» болады деп санайды [6]. С. Лаллукки қазіргі диаспораны құқық саласына қарағанда халықаралық қатынастарға қатысты құбылыс ретінде қарастырады [7].

Біздің пікірімізше, шетелдегі диаспораны Отанынан тыс өмір сүретін халықтың бөлігі ретінде тану және осындай анықтаманы заңнамалық түрде бекіту керек деп есептейміз.

Сонымен, бұл мәселеге қатысты Қазақстандық тәжірибені қарастырып көрсек.

Бұған дейін Қазақстан Республикасы Үкіметі жанында консультативтік-кеңесші орган – Шетелде тұратын отандастар істері жөніндегі комиссия жұмыс істегенін атап өтеміз, оның негізгі міндеттері: шетелдегі қазақтардың өмірі мен қызметіне байланысты проблемаларды зерделеу; шетелде тұратын отандастармен жан-жақты байланыстарды дамыту және нығайту үшін қажетті жағдайлар жасауға жәрдемдесу және т.б. болды. Бүгінде шетелдегі қазақтар мен отандастарды жан-жақты қолдау қажеттігін ескере отырып, 2019 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Үкіметі жанынан Шетелдегі отандастармен мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту жөніндегі ведомстваралық комиссия құрылды, және ол мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

1) шетелдегі отандастармен мәдени-гуманитарлық байланыстарды жетілдіру және дамыту жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;

2) мемлекеттік органдардың шетелдегі отандастармен мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамыту саласындағы қызметін үйлестіру [8].

Өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасында бұрынғы кеңестік республикалардың көпшілігінде (Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Қырғызстан, Латвия, Литва, Озбекістан, Ресей, Украина, Эстония, және т.б.) шетелдегі отандастары мен диаспорасына қатысты мемлекеттік саясатты әзірлеу тәсілдерін айқындайтын негізгі құжаттар қабылданған болатын. Алайда қазақстандық заңнамада арнайы нормативтік құқықтық акт әлі күнге дейін қабылданбаған. Дегенмен, қандай

құқықтық актілер бұл саланы реттейтінін қарастырып көрсек.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 1997 жылғы

11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 1) тармақшасында «диаспора» ұғымына анықтама берілген [9]. Сонымен қатар, аталған Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді. Алайда, шетелдегі қазақ диаспорасын мемлекеттік қолдау мәселелерін реттеу бұл нормативтік құқықтық актіде көзделмеген.

«Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында «бұрынғы отандас» ұғымының анықтамасы көзделген, оған сәйкес бұрынғы отандас – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе бұдан бұрын азаматтығында болған және шетелде тұрақты тұратын адам [10]. Қазақстандық заң шығарушы ұсынған отандастардың көрсетілген санын «бұрынғы» деп анықтау орынды емес деп есептейміз, себебі отандастарға «бұрынғы отандас» мәртебесін беру Қазақстан Республикасы тарапынан отандастарға қарағанда олар үшін өзгеше қарым-қатынас ретінде қабылдануы мүмкін. Сондықтан да, «шетелдегі отандас» деген анықтамаға өзгерткен әлде қайда дұрыс болар еді деп санаймыз.

Көріп отырғанымыздай, қазақстандық заңнаманы шетелдік тәжірибе негізінде өзектендіру керек және осы бағытта жұмыс жүргізу барысында біз үшін келесі мемлекеттердің тәжірибесі қызық болуы мүмкін. Мәселен, Қытай тәжірибесін зерттеп көрген едік.

Бүгінгі таңда шетелдегі қытай диаспорасы әлемде саны жағынан бірінші орын алады. Сарапшылардың соңғы зерттеуі бойынша қытай диаспорасының жалпы саны шамамен 50 миллион адамды құрайды, оның өкілдері дерлік әлемнің барлық елдерінде өмір сүреді, ал диаспораның жиынтық капиталы XXI ғасы-

рдың басында 1500 млрд. доллар болып бағаланды [11].

Қытайды жаңарту, оны заманауи қуатты державаға айналдыру стратегиясын жүзеге асыра отырып, Қытай Халық Республикасының үкіметі белсенді түрде әрі үлкен жетістікпен осы міндетті шешуге ірі қытай диаспорасының экономикалық және шығармашылық әлеуетін тартады. Мұндай саясатты Пекин өткен ғасырдың 70-ші жылдарының соңынан бастап, яғни сыртқы әлемге ашыла бастаған сәттен бері, жүргізіп келеді. Осы уақыт аралығында Қытайдың әкімшілік құрылымдары, кәсіпкерлік және ғылыми орталары шетелдік қауыммен ынтымақтастық бойынша мол әрі сан алуан тәжірибе жинақтады.

Экономикалық реформалар мен ашықтық саясаты басталғаннан кейін шетелдік қытайлықтар диаспорасымен экономикалық байланыстар әсіресе капитал тарту саласында жаңа сапалы деңгейге көшті.

Қазіргі жағдайда хуацяо феноменін жан жақты зерттеудің өзектілігі 1992 жылы Калифорния университетінің жанынан (Беркли, АҚШ) Шетелдік қытайлықтарды зерттеу жөніндегі халықаралық қоғам (International Society for the Study of Chinese Overseas – ISSCO) құрылуына алып келді [12].

Қытайдың «Отанға оралған эмигранттардың және шетелде тұратын отандастардың туысқандарының құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы» Заңында, мына ресми анықтамалар берілген:

- 1) хуацяо – бұл тұрған елінде тұруға ықтиярхаты бар қытайлық азаматтар;
- 2) қайтқан хуацяо – бұл Отанға тұрақты тұру үшін қайта оралған хуацяо;
- 3) отандастардың туысқандары – бұл Қытайда тұратын хуацяо туысқандары және қайтқан хуацяо [13].

Қазіргі кезде Қытайда хуацяо істері бойынша жеті мемлекеттік ұйым жұмыс істейді: Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысының Хуацяо істері жөніндегі канцеляриясы; Қытайдың Ұлттық саяси консультативтік кеңесінің Сянган, Аомэн, Тайвань және хуацяомен байланыстар жөніндегі комитеті; Сянган, Аомэн және Тайвань істері жөніндегі департамент;

Мемлекеттік кеңестің Хуацяо істері жөніндегі канцеляриясы; Чжунго Чжигундан партиясы, Бүкілқытайлық реэмигранттар қауымдастығы, Қытайлық шетелдік байланыстар қауымдастығы. Хуацяо істері бойынша тағы 30 провинциалдық және 62 қалалық ұйым жұмыс істейді. Бұдан басқа, отандастармен өзара іс-қимыл жасасу мәселелерімен қоғамдық ұйымдар айналысады: Бүкілқытайлық өнеркәсіпшілер мен саудагерлер қауымдастығы, Еуропа мен АҚШ-та оқыған сыныптастар қоғамы. Сондай-ақ, Отанмен байланыстарды қолдау үшін шетелдік қытайлықтар әлемнің шамамен 100 мемлекеті мен өңірінде өздерінің қоғамдық ұйымдарын құрған.

Шетелдік қытайларға қатысты саясат «жүректерді шоғырландыру, ақылдарды біріктіру, ұлы қытай ұлтының жандануы үшін мүмкіндіктерді дамыту» атты ұранмен жүргізіледі [14]. Аталған пункт шетелдік қытайларды түрлі формада біріктіру және патриоттық тәрбиені күшейту бойынша жұмыстарды белсендірек дамыту қажеттілігін атап өтеді.

Пекин шетелдік қытайлардың жас буынын патриоттық рухта белсенді тәрбиелеп келеді. Шетелдік қытайлардың, әсіресе шетелде туғандардың балаларында Қытайға деген туыстық сезімдерді дамыту үшін Қытай үкіметі «Қытайлық тамырға қосылу» [15] атты ұранмен үнемі арнайы сапарлар ұйымдастырады.

Қытайлық диаспора орасан зор капиталдың, технологиялардың, кәсіпкерлік тәжірибенің, халықаралық іскерлік байланыстардың иегері болып табылады. Мәдени-тілдік тұтастық, сондай-ақ ұлттық-психологиялық дәлелдер мен дәстүрлер Қытайдың барлық қалған шетелдік экономикалық серіктестеріне қарағанда оны этникалық отанмен ынтымақтастыққа біршама әуес әрі бейімді етеді.

Осылайша, қытайлық диаспора, шынында, Қытайдың қарқынды түрде жоғарылауында және оның халықаралық ұстанымдарын нығайтуда ерекше рөл атқарады. Қытай Халық Республикасы үкіметінің саясаты осы бірегей резервті барынша пайдалануға бағытталған. Ол шетелдік қытайлықтарға өндірістік және тұрмыстық сипаттағы көптеген сан алуан ерекше құқықтар мен жеңілдіктер беруге, олардың ұлттық-патриоттық сезімдерін оя-

туға және оларға қамқорлық пен құрмет көрсетуге негізделген.

Келесі қарастыратын мемлекет – Үндістан. Үнділік диаспора бүкіл әлем бойынша саны жағынан, Қытайдан кейін, екінші диаспора болып табылады, және қазір де 130 елде орналасқан.

Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық және әлеуметтік мәселелері жөніндегі департаментінің деректері бойынша 2019 жылы үнділіктер әлемдегі ең үлкен мигранттар диаспорасын құрады – 17,5 млн адам (6,4% жаһандық мигранттар немесе Үндістан халқының 0,4%). Үндістанның Сыртқы істер министрлігі резидент емес үнділіктер мен тегі үнділік тұлғалардың санын әлем бойынша 31 млн адам деп есептейді [16].

Үндістанның Конституциясының 5-бабына сәйкес «а) Үндістан аумағында туылған, немесе б) ата-анасының кез келгені Үндістан аумағында туған немесе с) кемінде бес жыл ішінде Үндістан аумағында тұрған, Конституцияны қолданысқа енгізуге тікелей қатысушысы болған әрбір азамат Үндістан азаматы болып табылады» [17].

Қазіргі уақытта Үндістанның «Азаматтық туралы» 1955 жылғы Заңын шетелдік үнділердің құқықтары мен мәртебесін реттейтін негізгі құжат деп есептеуге болады [18]. Бұл ретте Үндістанда қос азаматтық тыйым салынғандығын атап өткен жөн.

«Азаматтық туралы» заң бұрын қабылданған болса да, дегенмен «тегі үнділік тұлғалардың» (Person of Indian origin – PIO) және «теңіздің арғы жағындағы Үндістан азаматтарының» куәліктері жақында ғана пайда болды.

2005 жылдан бастап шетелдік үнділерге «Азаматтық туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес мерзімсіз болып табылатын ОСІ, куәлігін алу мүмкіндігі берілді, ал оның иесінен Үндістанға келу кезінде ешқандай тіркеу талап етілмейді. Аталған карта тек үнділік елшіліктер/консулдықтар арқылы беріледі. Картаның иесі оны алғаннан кейін 5 жылдан кейін үнділік азаматтық алуға жүгіне алады [19].

2000 жылы үнділік үкімет Жоғары деңгейдегі үнділік диаспора мәселелері жөніндегі Комитет құрды (High Level Committee on the

Indian Diaspora). Үндістанның ұлттық диаспораға қатысты мемлекеттік саясатын 2016 жылға дейін Шетелде тұратын үнділіктер ісі жөніндегі министрлік атқарған (Ministry of Overseas Indian Affairs - MOIA), ал кейін ол Сыртқы істер министрлігімен біріктірілген [20].

Министрліктің басты міндеті үнділік диаспоралар қауымдастығын өз тарихи отанымен әлемдік диаспоралар коалициясын шекарасыз дамыту арқылы бірлестіруге ұмтылу болып табылады.

2008 жылы Премьер-министр жанындағы Отандастармен жұмыс жөніндегі жаһандық консультативтік кеңес құрылды (PMGAC, Prime Minister's Global Advisory Council). Аталған ұйымның кеңесі жылына екі рет өткізіледі және тәжірибемен әрі біліммен алмасуға, синергияны қамтамасыз етуге және әр түрлі салаларда инновациялық өсу мақсатында үнділіктердің зияткерлік капиталын пайдалануға арналған тиімді дискуссиялық алаң болып табылады. Сол жылы мақсаты қайырымдылық іске жәрдем ету болып табылатын Шетелде тұратын үнділіктерді дамыту жөніндегі үнділік қор (IDF, India Development Foundation of Overseas Indians), шетелдегі отандастарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етуге бағытталған Үнділік көші-қон орталығы (ICM, India Centre for Migration) құрылды.

Тұтастай алғанда, шетелдік үнділік диаспора Үндістанмен өте тығыз байланыста. Осылайша, Үндістан үкіметі салыстырмалы түрде алғанда өте қысқа мерзімнің ішінде шетелдік отандастарға қатысты саясатты өзгерте алды, олардың арасында патриоттық көңіл-күйді ынталандырды және осы негізде елдің ішкі дамуына шетелдегі диаспораның қаржылық үлесін едәуір арттырды деген қорытынды жасауға болады.

Нәтижелер

Жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша біз шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдауды реттеуге бағытталған негізгі құжаттарды әзірлеу уақыты келіп жетті деп есептейміз,

және олар қазақстандық қоғамның сұраныстарына сәйкес келуі, қазіргі заманғы сын-қатерлерге жауап беруі және соның салдары ретінде шетелде тұратын отандастарды қолдау мәселелерін неғұрлым нақты айқындауы тиіс.

Біріншіден, мұндай алғашқы құжат адам құқықтары саласындағы халықаралық және ұлттық актілерге сәйкес әзірленген мемлекеттік бағдарламаның жобасы болуы мүмкін. Құжат бүкіл әлемдегі қазақтарды тарихи Отанының айналасына топтастыру, сондай-ақ қоныс аударушыларды қабылдау, орналастыру және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі тәсілдері мен пайымын білдірер еді. Мемлекеттік бағдарлама жобасын әзірлеудің орындылығы шетелде тұратын қазақ диаспорасын және Қазақстанға ерікті қоныс аударушыларды мемлекеттік қолдау процестерін реттейтін бағдарламалық құжаттардың өзара байланысты бірыңғай кешенінің болмауынан, шетелдегі қазақ диаспорасын қолдауды күшейту қажеттілігінен туындап отыр.

Екіншіден, «Шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу Қазақстан мен шетелде тұратын отандастарымыздың арасындағы байланысты дамыту және қолдау үшін жағдай жасау жөніндегі дәйекті қадам болар еді, бұл ел үшін бірқатар өзекті мәселелерді шешуге ықпал етуі мүмкін.

Мәселен, шетелде тұратын отандастарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік қолдауы мынадай негізгі қағидаттарға негізделуге тиіс: 1) адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарының туғаннан бастап әркімнің ажырамауына және тиесілігіне; 2) басқа мемлекеттің ішкі істеріне ара-

ласпауға; 3) халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына сәйкес шетелдегі отандастардың азаматтық, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, мәдени, білім беру, ақпараттық және өзге де құқықтары мен бостандықтарын, олардың тұратын мемлекеттердегі заңды мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігі; 4) шет елдердегі отандастардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттердің өзара іс-қимылы.

Сонымен қатар, аталған заң жобасында жаңа терминдерді қарастыруды ұсынар едік. Мысалы, «шетелдегі отандас», «шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау», «қазақ диаспорасы» және т.б. сияқты жаңа құқықтық санаттарды құқықтық айналымға енгізу қажет деп санаймыз.

Қорытынды

Бірқатар елдердің халықаралық тәжірибесі шет елдердегі отандастарды, тарихи Отаны – мемлекет тарапынан этностық аз ұлттарды мемлекеттік қолдау мемлекеттік билік органдарының құзыретін құқықтық реттеуден басталатынын көрсетеді. Қазақстанда тиісті заң жобасын қабылдау мемлекеттік органдардың шетелдегі отандастарды мемлекеттік қолдау саласындағы құзыретін нақтылауға мүмкіндік берер еді деп ойлаймыз.

Жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, осы ғылыми мақалада көрсетілген құжаттарды қабылдаудың орындылығы тек этникалық қазақтармен ғана емес, сонымен қатар, 90-жылдары Қазақстаннан көшіп кеткен шетелде тұратын бұрынғы отандастарымызбен байланыс орнату үшін қолайлы жағдай жасау мақсатымен айқындалады десек де болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Торреальба А.А. Три основных подхода диаспоральной дипломатии во внешней политике // Актуальные проблемы экономики и права. - 2017. - Т. II. - № 2. - С. 154-169. DOI: <http://dx.doi.org/10.21202/1993-047X.II.2017.2.154-169>

2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрон. ресурс]. - 2012. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (қаралған күні: 18.04.2021)
3. «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 644 қаулысы. [Электрон. ресурс] – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000644> (қаралған күні: 18.04.2021)
4. «Шетелдегі этникалық қазақтарды қолдау жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 280 қаулысы. [Электрон. ресурс]. - 2018. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000280> (қаралған күні: 18.04.2021)
5. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Монография. - Алматы: Ғылым, 1997. - 264 с.
6. Скринник В.М. Россия и зарубежные соотечественники: проблемы консолидации и интеграции в новых геополитических условиях. - Бишкек: КРСУ, 2008. – 432 с.
7. Лаллукка С. К типологизации развития диаспорных идентичностей финно-угров России // Хельсинки, Финно-угорский вестник. – 1999. – Т. 13. - № 1. - С. 15.
8. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы шетелдегі отандастармен мәдени-гуманитарлық байланысты дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 11 маусымдағы № 106-ө өкімі. [Электрон. ресурс] - 2019. – URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/R1900000106> (қаралған күні: 18.04.2021)
9. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы. [Электрон. ресурс] - 1997. – URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_ (қаралған күні: 18.04.2021)
10. «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы. [Электрон. ресурс] - 2011. – URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_ (қаралған күні: 18.04.2021)
11. Ларин А.Г. Мировая китайская диаспора и новая миграционная концепция России // Китай в мировой и региональной политике. История и современность. Вып. XVIII: ежегодное издание. - Москва: ИДВ РАН, 2013. - С. 193-222.
12. Ли Аньшань. Обзор истории и текущее положение хуацяо и китайской диаспоры. [Электрон. ресурс] - 2003. – URL: <http://www.chinadaily.com.cn> (қаралған күні: 18.04.2021)
13. Қытайдың «Отанға оралған эмигранттардың және шетелде тұратын отандастардың туысқандарының құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы» Заңы. [Электрон. ресурс] - 2003. – URL: <http://zhidao.baidu.com:80/question/5195165.html> (қаралған күні: 18.04.2021)
14. Li Haifeng: Shiqidahou qiaowu gongzuo jiang yinlai xin jiyuqi (Ли Хайфэн: Қытайдың коммунистік партиясының 17 съезінен кейін ашылған Хуацяомен жұмыс істеудің жаңа мүмкіндіктері) // China Review News. [Электрон. ресурс]. URL: <http://cn.chinareviewnews.com/doc/1004/6/7/4/100467404.html?coluid=7&kindid=0&docid=100467404&mdate=1012122901> (қаралған күні: 18.04.2021)
15. Hemu xiangyong hezuo gongying Guojian yige chongman holi de huaqiao huaren shehui (Өзара үйлесім және барлығы үшін ұтысты ынтымақтастық, шетелдік қытайлар үшін қауымдастық құрамыз) // Zhongguo qiao wang. [Электрон. ресурс] - URL: <http://www.chinaqw.com/news/200707/03/78232.shtml> (қаралған күні: 18.04.2021)
16. India Top Source Of Immigrants In the World, Desi Diaspora Touches 17.5 Million. [Электрон. ресурс] - URL: <https://thelogicalindian.com/news/indian-diaspora-largest/> (қаралған күні: 18.04.2021)
17. 1950 жылғы Үндістан Конституциясы. [Электрон. ресурс] - URL: http://www.concourt.am/armenian/legal_resources/world_constitutions/constit/india/india--r.htm (қаралған күні: 18.04.2021)
18. 1955 жылғы Үндістанның «Азаматтық туралы» Заңы. [Электрон. ресурс] - URL: https://www.indiacode.nic.in/bitstream/123456789/4210/1/Citizenship_Act_1955.pdf (қаралған күні: 18.04.2021)
19. Диаспоральная политика Индии: формула успеха. [Электрон. ресурс] - URL: https://www.ruvek.ru/publications/diasporalnaya_politika_indii_formula_uspekha_8655/ (қаралған күні: 18.04.2021)
20. Үндістанның Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты. [Электрон. ресурс] - URL: <https://www.mea.gov.in/overseas-indian-affairs.htm> (қаралған күні: 18.04.2021)

Г.Г. Галиакбарова

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан***Государственная поддержка соотечественников за рубежом:
совершенствование национального законодательства на основе зарубежного опыта**

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы государственной поддержки соотечественников за рубежом, особенно казахской диаспоры, в различных аспектах: с одной стороны, текущее состояние государственной политики и национального законодательства, с другой – современный зарубежный опыт. В работе в большей степени раскрыт правовой аспект рассматриваемой темы, так как изучение зарубежного опыта в сфере государственной поддержки соотечественников за рубежом показало, что существуют и другие аспекты (социально-экономические, политические, моральные). Кроме того, исследование показало, что вопросы поддержки соотечественников за рубежом тесно связаны с такими составляющими, как диаспора, миграционный процесс и т.д. Результатом исследования является необходимость разработки и принятия первого в истории современного Казахстана закона, направленного на государственную поддержку соотечественников за рубежом, и в первую очередь, концентрацию этнических казахов вокруг исторической родины – Республики Казахстан.

Ключевые слова: соотечественник за рубежом, государственная поддержка соотечественников за рубежом, диаспора, миграционный процесс, зарубежный опыт, законопроект.

G.G. Galiakbarova

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan***State support for compatriots abroad: foreign experience for improving national legislation**

Abstract. The article examines the issues of state support for compatriots abroad, especially the Kazakh diaspora, in various aspects: on the one hand, the current state of state policy and national legislation, on the other, modern foreign experience. Mostly, the work reveals the legal aspect of the topic under consideration, since the study of foreign experience in the field of state support for compatriots abroad has shown that there are socio-economic, political, moral and other aspects. In addition, the study showed that the issues of supporting compatriots abroad are closely related to such components as the diaspora and the migration process. The result of the study is the need for the development and adoption of the first law in the history of modern Kazakhstan aimed at state support of compatriots abroad, first of all, the concentration of ethnic Kazakhs around the historical homeland – the Republic of Kazakhstan.

Keywords: compatriot abroad, state support for compatriots abroad, diaspora, migration process, foreign experience, law project.

References

1. Torrealba A.A. Tri osnovnyh podhoda diasporalnoi diplomatii vo vnešnei politike, Aktualnye problemy ekonomiki i prava [Three approaches of diaspora diplomacy in foreign policy, Actual problems of economics and law], 2(2), 154-169 (2017). DOI: <http://dx.doi.org/10.21202/1993-047X.II.2017.2.154-169> [in Russian]
2. «Qazaqstan-2050» Strategiasy qalyptasqan memlekettin jaña saiasi bağyty» Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti - elbasy N.Ä. Nazarbaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldauy [Address by the Leader of the Nation, N.Nazarbayev «Kazakhstan-2050» Strategy: New political course of the established state»]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050> (Accessed: 18.04.2021)
3. «Otandastar qory» kommertsialyq emes aksionerlik qoğamyn qūru turaly» Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 201 jylğy 13 qazandağy № 644 qaulysy [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan «On the creation of a non-profit joint stock company «Otandastar Foundation», dated October 13, 2017 No. 644]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000644> (Accessed: 18.04.2021)

4. «Шетелдегі этникалық қазақтарды қолдау жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 18 мамырдағы № 280 қаулысы [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan «On approval of the Action Plan to support ethnic Kazakhs abroad for 2018-2022», dated May 18, 2018 No. 280]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000280> (Accessed: 18.04.2021)
5. Mendikulova G.M. Istoricheskie sudby kazahskoi diaspory. Proishozhdenie i razvitiie. Monografiia. [Historical destinies of the Kazakh diaspora. Origin and development. Monograph.]. Almaty: Ğylym, 1997. - 264 s.
6. Skrinnik V.M. Rossiia i zarubejnye sootchestvenniki: problemy konsolidatsii i integratsii v novykh geopoliticheskikh usloviakh. [Russia and Foreign Compatriots: Problems of Consolidation and Integration in New Geopolitical Conditions]. Bishkek: KRSU, 2008. – 432 s.
7. Lallukka S. K tipologizatsii razvitiia diaspornykh identichnostei finno-ugrov Rossii [On the typology of the development of diaspora identities of the Finno-Ugric peoples in Russia]. / Helsinki, Finno-ugorskii vestnik, 1999, № 1 (13). - S.15.
8. «Qazaqstan Respublikasy Үкіметінің жанындағы шетелдегі отандастармен мәдени-гуманитарлық байланысты дамыту жөніндегі ведомстворалық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 11 маусымдағы № 106-ө өкімі [Order of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan «On the Interdepartmental Commission for the Development of Cultural and Humanitarian Relations with Compatriots Abroad under the Government of the Republic of Kazakhstan», dated June 11, 2019 No. 106-r]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/R1900000106> (Accessed: 18.04.2021)
9. «Qazaqstan Respublikasyndaғы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы [Law of the Republic of Kazakhstan «On languages in the Republic of Kazakhstan», dated 11 July 1997 No. 151]. [Electronic resource] – 1997 - Available at: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_ (Accessed: 18.04.2021)
10. «Halyqtyn köshi-qony turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы [Law of the Republic of Kazakhstan «On Migration», dated 22 July 2011 No. 477-IV]. [Electronic resource] - 2011 - Available at: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_ (Accessed: 18.04.2021)
11. Larin A.G. Mirovaia kitaiskaia diaspora i novaia migratsionnaia koncepsiia Rossii // Kitai v mirovoi i regionalnoi politike. Istoriia i sovremennost [World Chinese Diaspora and the New Migration Concept of Russia // China in World and Regional Politics. History and modernity]. Vyp. XVIII: ejegodnoe izdanie / sost., otv. red. E.İ. Sofronova. M.: IDV RAN. 2013. S. 193-222
12. Li Anşan. Obzor istorii i tekuee polojenie huasiao i kitaiskoi diaspory [An overview of the history and current situation of huaqiao and the Chinese diaspora]. [Electronic resource] - Available at: <http://www.chinadaily.com.cn> (Accessed: 18.04.2021)
13. Qytaidyń «Otаңға oralған emigranttardyń және шетelde тұratyn otandastardyń tuysqandarynyn qūqyqtary men müddelerin qorǵau turaly» Zańy [Chinese Law «On Protection of the Rights and Interests of Relatives of Emigrants and Compatriots Living Abroad»]. [Electronic resource] - Available at: <http://zhudao.baidu.com:80/question/5195165.html> (Accessed: 18.04.2021)
14. Lı Haifeng: Shıqidahou qiaowu gongzuo jiang yınlai xın jıyuqı (Li Haifen: Qytaidyń kommunistik partıasynyn 17 sezinen keiin aşılyǵan Huasıyomen jümıys isteudıń jańa mümkindikteri) // China Review News. [Electronic resource] - Available at: <http://cn.chinareviewnews.com/doc/1004/6/7/4/100467404.html?coluid=7&kindid=0&docid=100467404&mdate=1012122901> (Accessed: 18.04.2021)
15. Hemu xiangyong hezuo gongying Guojian yige chongman holi de huaqiao huaren shehui (Özara üilesim және barlyǵy üşin üsty yntymaqtastyq, şeteldik qytailar üşin qauymdastyq qūramyz) // Zhongguo qiao wang. [Electronic resource] - Available at: <http://www.chinaqw.com/news/200707/03/78232.shtml> (jüginu küni 18.04.2021)
16. India Top Source Of Immigrants In the World, Desı Diaspora Touches 17.5 Million. [Electronic resource] - Available at: <https://thelogicalindian.com/news/indian-diaspora-largest/> (Accessed: 18.04.2021)
17. 1950 жылғы Үндістан Конституциясы [The Constitution of India of 1950]. [Electronic resource] - Available at: http://www.concourt.am/armenian/legal_resources/world_constitutions/constit/india/india--r.htm (Accessed: 18.04.2021)

18. 1955 жылғы Үндістанның «Azamattyq turaly» Заңы [Indian Citizenship Act of 1955]. [Electronic resource] - Available at: https://www.indiacode.nic.in/bitstream/123456789/4210/1/Citizenship_Act_1955.pdf (Accessed: 18.04.2021)
19. Diasporalnaia politika Indii: formula uspeha. [Diaspora Politics of India: A Formula for Success]. [Electronic resource] - Available at: https://www.ruvek.ru/publications/diasporalnaya_politika_indii_formula_uspekha_8655/ (Accessed: 18.04.2021)
20. Үндістанның Сыртқы істер министрлігінің ресми сайты [Official website of the Ministry of External Affairs of India]. [Electronic resource] - Available at: <https://www.mea.gov.in/overseas-indian-affairs.htm> (Accessed: 18.04.2021)

Автор жайлы мәлімет:

Галиакбарова Г.Г. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің азаматтық, еңбек және экологиялық құқық кафедрасының доценті м.а., Сәтпаев көш., 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Galiakbarova G.G. – PhD, Associate Professor at the Department of Civil, Labor and Environmental Law, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Satpayev, 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.